



ҚАУЛЫ

«25» ақпан 2022 ж

Қарауыл ауылы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 23

село Караул

**«METALL MINING» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігіне Шығыс Қазақстан
облысы Абай ауданы Архат ауылдық округі
аумағынан іздестіру жұмыстарын
жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға
рұқсат беру туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 10) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы «Қазақстан Республикасының Жер кодексінің» 71,71-1-бабтарына және аудандық жер комиссияның 2022 жылғы 23 ақпандағы № 19 хаттамалық шешімі негізінде, «METALL MINING» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін сұраған 2022 жылғы 15 ақпандағы өтінішін қарай келіп, Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «METALL MINING» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Архат ауылдық округі аумағынан іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін, меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай, жалпы аумағы 204,7 гектар жер учаскесіне 2025 жылғы 31 желтоқсанына дейінгі мерзімге пайдалануға рұқсат берілсін.

2. «METALL MINING» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне осы қаулының 1 тармағына сәйкес, жұмыстардың жүргізу мерзімдерін және орнын, шығындарын өтеу және жерді белгіленген мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді, сондай-ақ меншік иелері мен жер пайдаланушылармен жасалған келісім-шарттардағы басқа да шарттарды анықтау ұсынылсын.

3. ««METALL MINING» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Архат ауылдық округі аумағынан іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру туралы» Абай ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 23 шілдедегі № 19 қаулысының күші жойылсын.

4.Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары М.Смагуловқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Handwritten signature



Н.Абдыкаримов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ШЫҒЫС
ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АЕЛІ АУДАНЫ
ӘКІМ АППАРАТЫ
МЕМЛЕКЕТТІК МӘКЕМЕСІ
КӨШІРМЕ ДҰРЫС

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ШЫҒЫС
ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АЕЛІ АУДАНЫ
ӘКІМ АППАРАТЫ
МЕМЛЕКЕТТІК МӘКЕМЕСІ